



«STUDENT ENERGY CHALLENGE» ЗИЯТКЕРЛІК КОМАНДАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

Астана қ., 2018 жыл





«Роял Датч Шелл плс.» – штаб-пәтері Нидерландының Гаага қаласында орналасқан, энергетикалық және мұнай-химия компанияларын біріктіретін халықаралық концерн. Қазіргі уақытта «Шелл» Қазақстан экономикасының ірі шетелдік инвесторларының бірі болып табылады. «Шелл» компаниясы 1993 жылдан бері Қазақстанда жұмыс жасап, 2006 жылдан бастап KAZENERGY қауымдастығының белсенді мүшесі болып табылады.

Елдің ірі инвесторлардың бірі болып, «Шелл» компаниясы кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге бағытталған ерікті әлеуметтік жобаларға, STEM білім беру бағдарламаларын өткізуге және жол қауіпсіздігіне 8 миллионнан астам АҚШ долларын бөлді.

www.shell.com

25 

Ж Ы Л ШЕЛЛ ҚАЗАҚСТАН
1993-2018





«KAZENERGY» қауымдастығы құрамына еліміздің мұнай-газ және энергетика секторының 80-нен астам компаниясы кіретін ірі салалық бірлестік. Бұл өндіруші, көліктік, сервистік, геофизикалық, уран және басқа да трансұлттық және отандық компаниялар.

Қауымдастықтың білім беру жүйесін және дарынды жастарды қолдауды дамытуға бағытталған жобаларды орындауда айтарлықтай тәжірибесі бар. 2007 жылдан бастап бірқатар білім беру бағдарламалары, оның ішінде стипендиялық және гранттық жобалар іске асырылуда, жастарды шығармашылық және кәсіби жетістіктерге тарту және ынталандыру мақсатында инновациялық жобалар жасауға арналған байқаулар, зияткерлік ойындар, дебаттық турнирлер, тематикалық олимпиадалар және басқа іс-шаралар өткізілуде.

www.kazenergy.com



«STUDENT ENERGY CHALLENGE»

Байқаудың мақсаты:

Қазақстанның студенттік жастары арасында энергетикалық міндеттердің инновациялық шешімдерін дамытуды қолдау.

Міндеттері:

- студенттерінің кәсіби және тұлғалық әлеуетін дамытуға жағдай жасау;
- энергетиканың және оған байланысты мәселелердің маңыздылығын ауқымды түрде түсінуді көтермелеу;
- инженерлік ойлау мен шығармашылықты дамытуды қолдау;
- қатысушылар арасында байланыстарды нығайтуға, тәжірибе алмасуға және өзекті білім алуға жағдай жасау;
- индустрияның озық тәжірибесі мен техникалық дағдыларын қазақстандық студенттермен бөлісу.

Байқау ұйымдастырушылары:

«Шелл Қазақстан» компаниясы және «KAZENERGY» қауымдастығы

Байқауға қатысушылар:

Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарының техникалық мамандығының студенттік командалары

Байқауды өткізу уақыты:

Басталуы – 2018 жылғы сәуір

Финал – 2018 жылғы қазан

Өткізу орны: Астана қ.

«STUDENT ENERGY CHALLENGE»

Байқаудың тақырыптары (таңдау бойынша*):

1. Энергия генерациясы (болашақтың)
2. Шоғырландырылған энергия (болашақтың)
3. Энергия беру (болашақтың)
4. Энергияны тұтыну (болашақтың)

Тізбеге шамамен жатқызылуы мүмкін тақырыптар*:

ЭНЕРГИЯ ГЕНЕРАЦИЯСЫ (БОЛАШАҚТЫҢ)

- a. Қалдықтардан энергия өндіру. Энергияны қалалық кәріз ағындарынан алу;
- b. Жеке пайдаланудың жел қондырғылары;
- c. Мұнай және газды өндірудің және тасымалдаудың инновациялық энергия үнемдеуші жүйелері.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ (БОЛАШАҚТЫҢ)

- a. Литий – Қазақстанның «ақ мұнайы»;
- b. Мұнай-газ саласы үшін альтернативті энергия көздері бар автономдық жылу энергетикасының кешендері;
- c. Гелиожүйелерді әзірлеу және пайдалану (күн радиациясының энергиясын басқа пайдалануға ыңғайлы энергия түрлеріне (мысалы, жылу немесе жылу арқылы электр) өзгерту.

ЭНЕРГИЯ БЕРУ (БОЛАШАҚТЫҢ)

- a. Энергия берудің сымсыз технологиялары;
- b. Ақылды желілер, Смарт-Грид, Нет-Метеринг, Кванттық есептеулер;
- c. Электр энергиясын бөлу және мұнай-газ саласын автоматтандырудың технологиялық процестерін басқару үшін қазіргі заманғы жабдықты қолдану.

ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ (БОЛАШАҚТЫҢ)

- a. Болашақтың энергиялық тиімді ТКШ. Жылуды оқшаулағыш материал. Нөлдік шығарындылары бар тұрғын үй салу;
- b. Жабдықтың энергиялық тиімділігін және ұзақ мерзімділігін арттыру;
- c. Жасанды зият әдістерін қолдана отырып, мұнай-газ салаларында цифрлық және зияткерлік технологияларды қолдану, Қазақстанның LNG-көлігі

* Ұсынылған тақырыптардың (a, b, c) ұсынымды сипаты бар және негізгі бағыттар шеңберінде өзгертілуі мүмкін.

2018 ЖЫЛЫ «STUDENT ENERGY CHALLENGE» ЗИЯТКЕРЛІК КОМАНДАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

• 1 этап

3-5 адамнан
команда құру
Мерзімі: сәуір

Командаға креативті
атау беру
Мерзімі: сәуір

Сауалнаманы толтыру
және команданы тіркеу
*Мерзімі: 15 мамырға
дейін*

• 2 этап

Тіркелу туралы
растама алу
*Мерзімі:
тіркелгеннен кейін
3 күнге дейін*

«Жобалау
командасында қалай
жұмыс істеу керек»
атты вебинарға қатысу
*Мерзімі: маусымның
басы*

Бүкіл командамен жоба
туралы бейнетүйіндеме
жазу
Мерзімі: маусым

Ұйымдастырушыларға
бейнетүйіндемені
жіберу
Мерзімі: 15 мамыр

• 3 этап

1-іріктеу кезеңінен
өтуі туралы растама
алу
*Мерзімі: 10 шілдеге
бейін*

«Тиімді презентация
жасау» атты вебинарға
қатысу
Мерзімі: шілденің басы

Жобаның белгіленген
үлгідегі төлқұжатын
(жоба жұмыстарын)
ұсыну
*Мерзімі: 25 тамызға
дейін*

«Зейін. Уақыт. Питч»
тақырыбындағы
вебинарға қатысу
Мерзімі: қыркүйек

• 4 этап

Тезистер мен
презентациялар
жіберу
*Мерзімі:
20 қыркүйекке
дейін*

Қазылар алқасы
мүшелерінің алдында
жобаны қорғауға
қатысу
*Мерзімі: 02 қазан,
Астана қ.*

Elevator pitch стилінде
финалды қорғауға қатысу
мен жеңімпаздарды
марапаттау
*Мерзімі: 03 қазан,
Астана қ.*

«Ойлаудың жаңа
технологиялары»
NXplorers тренингіне
қатысу
*Мерзімі: 04-05 қазан,
Астана қ.*